20710773974

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 10 қаңтар №5265-23-00-2/3396 іс Шымкент қаласы.

Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Д.М.Конысбаева,
сот отырысының хатшысы Н.М.Жаулыбайдың қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Шаруашылық жүргізу құқығындағы «Жедел медициналық жәрдем көрсету станциясы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
дара кәсіпкер «Potential» Шахманов Ескендир Оралович

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап коюшының өкілі Нарымбаев С.

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2023 жылғы 10 шілде тараптар арасында №85 санды мемлекеттік сатып алу туралы шарты түзілген (әрі қарай – шарт).

Шарттың 1-қосымшасына сай, жауапкер жалпы сомасы 2 589 700 теңгеге құрайтын трубокопроессорды жеткізу туралы 2023 жылдың 27 шілдесіне дейін қызмет көрсетуі міндеттенген.

Талап қоюшы жауапкерге шартқа сәйкес, өзінің міндеттерін орындамады деген негізбен мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қою арызымен сотқа жүгінген.

Документ подписан: Конысбаева Д. М., 17.01.2024
Дата вступления в законную силу: 20.02.2024, судья Сейтжанулы С., 20.02.2024
5265-23-3-6/358

Сот отырысында талап қоюшының өкілі талап арызды қолдап, оны толық қанағаттандыруды сұрады.

Тиісті түрінде хабарланған жауапкердің өкілі сотқа келмеді.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 196-бабының 4,6-бөліктеріне сай іс келмеген тараптардың қатысуынсыз қаралды.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Азаматтық кодексінің (бұдан әрі - АК) 272-бабына сәйкес, міндеттемелер міндеттеменің шартына және заң талаптарына сәйкес, тиісінше орындалуы тиіс.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 12-бабы 4-тармағы бірінші бөлігінің 3)-тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Аталған Заң нормасының 5-тармағына сай осы баптың 4-тармағы бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көзделген мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі заңды күшіне енген сот шешімдерінің негізінде қалыптастырылады.

Жауапкер мемлекеттік сатып алу туралы 2023 жылғы 07 шілде № 85 шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындамаған.

Осыған байланысты, сот талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талабын заңды және қанағаттандырылуға жатады деп табады.

Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет пайдасына мемлекеттік баж төлеу бойынша сот шығыстары өндіру қажет.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226 - баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Шаруашылық жүргізу құқығындағы «Жедел медициналық жәрдем көрсету станциясы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорының талап қоюы –қанағаттандырылсын.

Дара кәсіпкер «Potential» Шахманов Ескендир Оралович мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Дара кәсіпкер «Potential» Шахманов Ескендир Ораловичтен мемлекеттін пайдасына 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Документ подписан: Конысбаева Д. М., 17.01.2024
Дата вступления в законную силу: 20.02.2024, судья Сейтжанұлы С., 20.02.2024
5265-23-3-6/358

Шешімге наразы жақ АПК-нің 403, 404 баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Шымкент қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы апелляциялық шағым беруге, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья **Д.М.Конысбаева**

Документ подписан: Конысбаева Д. М., 17.01.2024

Дата вступления в законную силу: 20.02.2024, судья Сейтжанұлы С., 20.02.2024

5265-23-3-6/358